

## Студенттер мен аспиранттарды шет елдердің оқу орталықтарына оқуға жіберу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 2 тамыз N 1066. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен. ~P020665

Білім беру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру және шет елдердің ғылыми орталықтары мен оқу орындарында Қазақстан Республикасы үшін кадрлар даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Білім беру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру және шет елде кадрлар даярлау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын (1 қосымша).
2. Білім беру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру

және шет елде кадрлар даярлау жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы Ереже бекітілсін (2 қосымша).

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі тиісті министрліктер және ведомстволармен бірлесіп шет елдердің орталықтарында студенттер мен аспиранттар даярлау үшін техникалық көмек займдарының шеңберінде жыл сайын квота бөлуді қарастырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 2 тамыздағы  
N 1066 қаулысына  
1 ҚОСЫМША

Білім беру саласындағы сыртқы байланыстарды  
үйлестіру және шетелде кадрлар даярлау  
жөніндегі ведомствоаралық комиссияның

Қ Ұ Р А М Ы

Тасмағанбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы Премьер-  
министрінің орынбасары, төраға

- Жұрынов М.Ж. - Қазақстан Республикасы Білім  
министрі, төрағаның орынбасары
- Көшербаев К.Е. - Қазақстан Республикасы Министрлер  
Кабинеті Аппараты Басшысының  
орынбасары, Ішкі саясат бөлімінің  
меңгерушісі, төрағаның орынбасары
- Алмасов А.Н. - Қазақстан Республикасы Білім  
министрлігі Сыртқы байланыстар  
басқармасы бастығының орынбасары,  
хатшы
- Комиссия мүшелері
- Алшанов Р.А - "Тұран" тәуелсіз университетінің  
ректоры
- Ахметов А.К. - Қазақ мемлекеттік әлем тілдері  
университетінің ректоры
- Ахметбеков М.У. - Қазақстан Республикасы Экономика  
министрлігінің Кадрларды үйлестіру  
мен даярлау басқармасының бастығы
- Байзақов С.Б. - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
ғылым академиясы Төрағасының  
бас ғылыми хатшысы
- Исағалиев К.К. - Қазақстан Республикасы Сыртқы  
істер министрлігі мәдени  
байланыстар, гуманитарлық  
ынтымақтастық және ЮНЕСКО істері  
жөніндегі басқармасының бастығы
- Құлжанов М.Қ. - Қазақстан Республикасы Денсаулық  
сақтау министрінің орынбасары
- Құсайынов Ә.А. - Қазақстан Республикасы Министрлер  
Кабинеті Аппаратының Ішкі саясат  
бөлімі меңгерушісінің орынбасары
- Шайхутдинов Е.М. - Қазақ ұлттық техникалық  
университетінің ректоры
- Түсеева М.К. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Әлеуметтік дамуды қаржыландыру  
басқармасының бастығы
- Зинченко В.А. - Қазақстан Республикасы Әділет  
министрлігінің Кадрлар және оқу  
орындары басқармасының бастығы

Приходько Н.И. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігі Қоғамдық тәртіпті  
сақтау бас басқармасының бастығы  
Сманов Б.Ө. - Қазақстан Республикасы Министрлер  
Кабинетінің жанындағы Дін істері  
жөніндегі кеңестің жауапты хатшысы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 2 тамыздағы  
N 1066 қаулысына  
2 ҚОСЫМША

Білім беру саласындағы сыртқы байланыстарды  
үйлестіру және шетелдерде кадрлар даярлау  
жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы  
Е Р Е Ж Е

1. Осы Ереже білім беру саласындағы сыртқы байланыстарды үйлестіру және шетелдерде кадрлар даярлау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) мақсаттарын, міндеттерін, негізгі қызметін және міндеттілігін айқындайды.

2. Ведомствоаралық комиссия өзінің қызметіне Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілерін басшылыққа алады.

Ведомствоаралық комиссияның оның құзыры шеңберіндегі шешімдері министрліктер, ведомстволар, білім берудің мемлекеттік емес мекемелеріне және басқа бірлестіктер үшін міндетті.

3. Ведомствоаралық комиссияны құрудың мақсаты студенттер мен аспиранттарды шетелдегі ғылыми және оқу орталықтарында даярлауды үйлестіру болып табылады.

4. Мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес Ведомствоаралық комиссияға мынадай қызметтер жүктеледі:

министрліктер, ведомстволар, оқу орындары, меншік нысандарына карамастан ғылыми-зерттеу мекемелері, концерндер, ассоциациялар және басқа шаруашылық құрылымдары ұсынған шетелде мамандар даярлау жөніндегі жобалар мен бағдарламаларды қарау;

шетелдегі оқу және ғылыми орталықтармен байланыс орнату және олармен студенттер мен аспиранттарды оқытудың шартын келісу;

шетелде кадрлар даярлаудың басым бағыттарын қаржыландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізу

5. Ведомствоаралық комиссия:

студенттер мен аспиранттарды шетелде оқытуға байланысты жекелеген мәселелерді зерделеу үшін жұмыс тобын құруға;

білім беру және шетелде кадрлар даярлау саласындағы сыртқы байланыстар мәселелері бойынша олар жүргізген жұмыс туралы мемлекеттік басқару және атқару өкімет органдары басшыларының ақпараттары мен есептерін өз мәжілістерінде тыңдауға құқылы.

6. Ведомствоаралық комиссияның мәжілісі оның жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Жоспардан тыс мәжіліс қажеттілігіне қарай комиссия төрағасының шешімімен өткізіледі.

7. Ведомствоаралық комиссияның төрағасы комиссияның жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін жұмыс жоспарына сәйкес қамтамасыз етеді , төраға орынбасарының және комиссия мүшелерінің өкілеттігін айқындайды.

8. Ведомствоаралық комиссияның шешімі оның мәжіліске қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

9. Ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Білім министрлігі болып табылады.